

Қазіргі заман мәдениеті.

- Ф. Ницшенің мәдениет туралы теориялары.
- Шопенгауердің мәдениет турлы теориясы.
- А. Тойнбийдің мәдениеттану идеясы.

Постмодернизм

Постмодернизм ([ағылш.](#) *postmodernism*) — әуелде [сәулет](#) өнері саласында қолданылған атау болып, хат жүзіндік тіке мағынасы — "модерннен кейінгі", яғни "осы заманнан кейінгі", "соңғы", "жаңа заман" дегенді білдіреді. Бұл сөздің [қазақша](#) баламасы тұрақтанбаған, кейбіреулер оны "соңғы осы заманшылдық" деп те атап жүр.

Сәулетте бұл ағым [модернизмнен](#) де көркем дегенді білдіреді. Ол көптүрлі өзге ағымдардың ерекшелігін өз бойына сіңірген, бір бойына барлық ерекшелікті қамтыған бес аспап ағым есептеледі. Кейіннен бұл ағым модернизмге қарсылық ретінде [сурет](#), [музыка](#), [философия](#) салаларында да қолданыла бастады және әсіресе философияда ықпалды "Постмодернизм" ағымы қалыптасты.

Постмодернизм түптеп келгенде модернизмге қарсылықтан туындаған. Ол [Екінші дүниежүзілік соғыстан](#) кейінгі Батыс Еуропалық ұлы қиялдың быт-шыт болуы себепті *өз бойында тұрақтылық, заңдылық, ереже атаулыдан арылған жаңа ағымның пайда болуына түрткі болды.*



[Астанадағы Хан Шатырдың](#) ішкі көрінісі

Қазіргі заман архитектурасы

Қазіргі заман архитектурасы — [21 ғасырдың](#) сәулеті. Басым стиль жоқ, заманауи сәулетшілер әртүрлі ондаған стильдерде жұмыс жасайды: постмодернизм және жоғары технологиялық сәулеттен бастап; үлкен ауқымда мүсін еске түсіретін өте тұжырымдамалық және мәнерлі стильдерге дейін. Түрлі стильдер мен тәсілдер озық технологиялар мен қазіргі заманғы құрылыс материалдарын жалпы пайдалану сипатына ие. Мысалы: жоғары және жеңіл, XX ғасырдың ғимараттарына қарағанда күштірек ғимараттар салуға мүмкіндік беретін құбыр құрылымы және автоматтандырылған жобалаудың жаңа технологиялары пайдалану үш өлшемде ғимараттарды салу және оларды модельдеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар дәлдігі мен жылдамдығын арттырады.

XX ғасырда заманауи сәулеттің негізгі ескерткіштері негізінен Америка Құрама Штаттары мен Батыс Еуропа шоғырланған болса, қазіргі заманғы сәулет жаһандық болып табылады; жаңа маңызды ғимараттар Қытай, Ресей, Латын Америкасында және әсіресе, Таяу Шығыстағы Персид шығанағы елдерінде салынды; Дубайда [Бурж Халифа](#) 2016 жылы әлемдегі ең биік ғимарат болды, ал Қытайда Шанхай мұнарасы аумағы бойынша екінші ірі ғимарат болды.



Дубайдағы [Бурж Халифа](#) 2016 жыл
әлемдегі ең биік ғимарат



Қытайда **Шанхай мұнарасы** аумағы бойынша екінші ірі ғимарат



Уолт Дисней концерт залы



Әлемдік сауда орталығы 1



Эволюция мұнарасы



Сидней Технологиялық
университетінің бизнес мектебі




Бейжің ұлттық стадионы

1. Ф.Ницшенің мәдениет туралы теориялары.

Фридрих Ницше (1844-1900) ежелгі мәдениеттегі білімдерге сүйене отырып, өзінің «Музыка рухынан туындаған трагедия» еңбегінде грек құдайлары Дионис пен Аполлон есімдеріне байланыстырып мәдениеттің дионисийлік және «аполлондық» типтері туралы идеяны дамытты. Дионис өмірдің вакхилік *(ежелгі грек және рим аңыздарында: өсімдіктер және сауық-сайран құдайы, жүзім шаруашылығы мен шарап ашытушылардың қамқоршысы)* апатын, дәстүрлер мен тоқырауға қарсы бүлікті білдіреді. Аполлон – ақылдылық, сабырлылық, тыныштық пен үйлесімділікке талпыну.

Ницше еуропалық мәдениет пен өнер идеалын осы бастапқы тартыстың тепе-теңдігінен көрді, ал өзі дионисийлік жақты қолдап, үгіттеумен болған. Қайшылыққа толы ізгілік *(әсіресе діндегі)* пен бегілі бір шарттылықтың құрсауынан бос дионисийлік бастау ғана, күрес пен сынақтарда, ең жоғарғы тұлғаның типі - «күдіретті адамды» жасауға қабілетті. Ол, мәдениет өзімен табиғатқа жат нәрсені қамти жүріп, өмірдің қарсы жағын құрайды деп қорытындылайды. Мысалы, дін, ізгілік, байырғы философия өмірді мойындамайды және осыдан келіп «еуропалық нигилизм» пайда болды. Мәдениет «күдіреттілікке», «билікті қалау» түрлерінде көрінетін табиғи инстинктіні басады. Ол, адамдарды бір-бірімен ұқсастыруға бағытталған, сонысымен бірдейлігі жоқ тек қана табиғи басқыншылықта *(градацияда)* болатын өмірмен қарама-қайшы келеді. Сондықтан мәдениет құндылықтарын қайта қарау қажет. Ницше мәдениетті жоққа шығармай, оған жаңа мән беруге тырысады. Ол, мән, өмірге өте лайықты, өте құндырақ, жаңа, болашақ адамның типі - «күдіретті адамды» тәрбиелеу.




2. О. Шпенглердің мәдениет туралы теориялары.

Освальд Шпенглер (1880-1936) мәдениет философиясының мәселелерін негізінен шешті, әйтсе де мәдениеттің дағдарысқа ұшырап жойылып кетуі, шек келтірмейтін объективті заңды құбылыс деп есептейді. «Өмірдің» өзі бір мәдениеттің дүниеге келіп, екіншісі жойылып жататын нәрсе. Олардың әрқайсысының өзіндік ішкі құрылымы берік қалыптасқан, тұйықталған, абсолютті түрде қайталанбайтын денелерге ұқсайды.

Мәдениеттің тарихи тағдыры мен табиғаты туралы мәселелер оның «Еуропаның құлдырауы» атты еңбегінің негізгі желісі. Шпенглер мұнда тарихи - мәдени процесті бір ғана логикаға жүктейтін гегельдік логикадан бас тартады. Шпенглер үшін біртұтас әлемдік мәдениет болуы мүмкін емес. Әр мәдениеттің өз тағдыры бар: «Адамзаттың ешқандай да жоспары, идеясы жоқ!». (Шпенглер О. *Закат Европы. т.І. М., 1993. С. 151.*)

Шпенглер ойының келесі негізі - ол, тарихтың (*мәдениетте*) мәні біртұтастық, деп есептеді. Бәз-баяғы тарихи уақыттың бір мезгілінде көптеген оқиғалар іске асып жатады, бірақ олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланыста. Осыдан мәдениеттің ішкі құрылымына жету үшін оның сыртқы бейнесіне де (*геиштальт*) көңіл аудару негізгі мақсаттың біріне айналады, әрине олар тарихшының назарынан ешқашан да тыс қалмау керек.

Шпенглердің конструктивтік үшінші идеясы әрбір тарихи заманның (*яғни әрбір мәдениетте*) кеңістік, уақыт, адам болмысының ақырғы мақсаттары және т. б. туралы өзіндік ұғымдары болады. Мысалы, егер эллинизм заманында ертедегі гректер өткен уақытты (*Цезарь өзін Шолпанның тегінен екендігін ешқандай да сандырақ деп есептемегені сияқты*) мифтік тұрғыда түсінгені сияқты, христиандық мәдениеттің адамы үшін әлем тарихы екіге - Христос туғанға дейінгі және кейінгі болып бөлінеді.



3. А.Д.Тойнбидің мәдениет туралы теориялары.

Тойнбидің ғылыми талдауының негіздік ұғымы өркениет категориясы. Нақ соған арқа сүйей отырып өзінің айбынды «ғимаратының» құрылымын жасады. Тойнби өркениеті оған дейінгілерге қарағанда биологиялық заңдармен дамиды деген тұрғыда емес, ол өзінің қозғалысында қоғамның жалпы даму заңдылықтарына бағынатын әлеуметтік бүтіндік.

Тойнби өркениеттердің әрекеттілік мәселесін терең және байсалды түрде зерттейді. Оның ойынша, өркениеттер жүйелерінің арасында еш-уақытта үйлесімдік болған емес. Адамзат тегінің тарихында, жалпы өркениеттердің күрес тарихында, кімнің техникалық дамуы жоғары дәрежеде дамыған болса сол әрдайым жеңіске жетіп отырған. Әсіресе оны бүгінгі Батыс және Шығыс әлмдерінің қарама-қайшы әрекеттестігінен көрінеді, егер адамзат ірі мемлекеттер аралық дүниежүзілік көлемде әскери қағысулардың өзінен құтыла қойғанның өзінде олардың өркениеттілік қайшылықтары жойылмайтындығына Тойнби сенімді. Үшінші мың жылдық дүниежүзілік өркениеттер жүйесін құру жолындағы жедел үрдісі ғана алдын ала сақтай алатын, өркениеттер арасындағы жаһандылық қақтығыстардың уақыты болады, деп есептейді.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!